



30



**«ЖАҢА ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ЖҮЙЕСІ»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның
баяндамалар жинағы**

**Сборник докладов международной научно-
практической конференции**

**«СИСТЕМА ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА В
УСЛОВИЯХ НОВОЙ ИСТОРИЧЕСКОЙ
РЕАЛЬНОСТИ»**

**Collection of reports of the international scientific
and practical conference**

**“THE SYSTEM OF STATE AUDIT IN THE CONTEXT
OF A NEW REALITY”**

НҰР-СҰЛТАН 2021

УДК 657.6
ББК 65.053
С23

С23 Сборник докладов международной научно- практической конференции «Система государственного аудита в условиях новой исторической реальности» = Collection of reports of the international scientific and practical conference “The system of state audit in the context of a new reality” = «Жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудит жүйесі» Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның баяндамалар жинағы. – Нұр-Сұлтан: - 549 б.

ISBN 978-601-337-598-4

Жинаққа жаңа тарихи шындық жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in the context of a new historical reality

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях новой исторической реальности

ISBN 978-601-337-598-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2021

СМИ, информационных порталах, с целью соблюдения принципа гласности, прозрачности, достоверности.

Во-вторых, внедрить в службах внутреннего аудита «текущий аудит», это позволит руководству государственного органа или акимам (области, столицы, городов республиканского значения) оперативно узнавать о текущей ситуации, реагировать на возможные риски несоответствия и ошибки в деятельности в подведомственных государственных органах и принять необходимые корректирующие мероприятия. Текущий аудит ориентирован в основном на предупреждение и профилактику нарушений законодательства, максимальную минимизацию рисков, а также осуществления необходимых корректирующих действий в системе внутреннего контроля (бизнес-процессах) объекта аудита в настоящем времени, что большей степени является консультационной помощью работникам объектов аудита [4].

В-третьих, повысить ответственность администраторов бюджетных программ и получателей бюджетных средств за конечные результаты деятельности и эффективности использования государственных ресурсов [5]. Чтобы целевые индикаторы бюджетных программ были корректные и обоснованные, тем самым можно минимизировать неэффективность расходования бюджетных средств.

Таким образом, вышеизложенное подчеркивает необходимость обстоятельного, комплексного рассмотрения вопроса рекомендаций с целью предотвратить неэффективное использование бюджетных средств.

Список литературы

1. Информационно-новостной портал https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/nazvana-obschaya-summa-na-borbu-s-koronavirusom-v-kazahstane-407640/
2. Государственный аудит. Учебник под. ред. К.Е.Джанбурчина – Астана: ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, 2016 – 375с.
3. Аудиторское заключение Ревизионной комиссии по г. Нур-Султан <https://rkastana.gov.kz/ru/news/auditorskie-zaklyucheniya-po-itogam-gosudarstvennogo-audita/1216>
4. Государственный аудит: теория, методология и практика: монография / Б.А. Алибекова, Л.З. Бейсенова; Министерство образования и науки Республики Казахстан, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева. - Нур-Султан : ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2019. – 183
5. Государственный финансовый контроль. Учебник под редакцией А.Б. Зейнельгабдина -- Астана: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2018 – 391с.

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАРДЫ ТЕКСЕРУДЕГІ ЖОҒАРЫ АУДИТ ОРГАНДАРЫНЫҢ РӨЛІ ЖӘНЕ COVID19 САЛДАРЛАРЫ

Қажыбек Іңкәр Жігерқызы, Хамзина Анель Жанбулатқызы

Мемлекеттік аудит мамандығының 3-курс студенттері
ғылыми жетекші *Жахметова Айнура Каиржановна*
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ,
Қазақстан Республикасы
E-mail: inkar_kazhybek@mail.ru, anelhamzina01@gmail.com

Аннотация

Бұл мақаланың өзекті мәселесі пандемияның Жоғары аудит органдарының қызметіне әсері мен еліміздің экономикалық жағдайына ықпал ету деңгейі. Мақалада COVID19 салдарларын қалпына келтіру мақсатында дағдарысқа қарсы қаражаттың тиімді пайдалануын бақылау мен квазимемлекеттік сектор активтерінің басқарылу тиімділігіне мониторинг жүргізу нәтижелері көрсетілген.

Түйін сөздер: квазимемлекеттік сектор субъектілері, пандемия, мониторинг, мемлекет активтері, тиімділік аудит, қаржылық бұзушылық.

Аннотация

Актуальным вопросом данной статьи является влияние пандемии на деятельность высших органов аудита и уровень влияния на экономическое положение страны. В статье представлены результаты мониторинга эффективности управления активами квазигосударственного сектора и контроля за эффективным использованием антикризисных средств с целью восстановления последствий COVID19.

Ключевые слова: субъекты квазигосударственного сектора, пандемия, мониторинг, активы государства, аудит эффективности, финансовые нарушения.

Summary.

The current issue of this article is the impact of the pandemic on the activities of the supreme audit institutions and the level of impact on the economic situation of the country. The article presents the results of monitoring the effectiveness of quasi-public sector asset management and monitoring the effective use of anti-crisis funds in order to recover from the consequences of COVID19.

Keywords: quasi-public sector entities, pandemic, monitoring, state assets, performance audit, financial violations.

Баршамызға мәлім 2019 жылдың аяғында бүкіл әлемде COVID19 коронавирусы инфекциясы белсенді түрде тарала бастады. Егер сол кезеңде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына белгісіз вирусты жұқтыру жағдайларының шектеулі саны туралы хабарламалар келіп түссе, қазіргі уақытта вирус бүкіл әлемге таралды және оның адамзатқа жағымсыз тұстары күшейе бастады. COVID19 коронавирусы кенеттен пайда болды және найзағай жылдамдығымен бүкіл әлемге таралды. Вирус адам өмірінің барлық салаларына әсер етті. Коронавирустың салдары халықтың физикалық және материалдық жағдайына ғана емес, сонымен бірге жекелеген қызмет


салаларында және жалпы экономикада үлкен резонанс тудырды. Валюталардың әлсіреуі орын алды, қор нарығы құлдырады, ал шикізат бағасы айтарлықтай төмендеді. Жаңа коронавирустық инфекцияның таралуы нәтижесінде ең көп зардап шеккендер авиатасымалдау және әуежай қызметі, мәдениет және демалыс орын ұйымдастыру салалары, туризм және қонақ үй бизнесі, дене шынықтыру-сауықтыру қызметі, қоғамдық тамақтандыру, мемлекеттік емес білім беру мекемелері сынды үлкен және кіші бизнес субъектілер қызметін қамтиды. Бұның бәрі еліміздегі экономикаға, сонымен бірге әлеуметтік жағдайға теріс әсерін тигізді. Соның салдарынан Жоғары аудит органдарына аудит жүргізуде қиыншылықтар туындады. Бір жағынан, вирустың таралуы аудиторлық дәлелдерді алудың кешігуіне, құжаттардың түпнұсқаларымен танысуға немесе тіпті клиенттің қызметкерлерімен байланысуға және өзара әрекеттесуге мүмкіндік бермеді, бұл қаржылық есептілікті дайындау мен тексеруде кідірістерге әкеледі. Екіншіден, клиенттер қызметінің үздіксіздігін бағалау және кәсіби стандарттарға сәйкес аудит пен тапсырмаларды орындауды жалғастыру қажет болған жағдайда аудиторлық қорытынды беру бойынша қосымша рәсімдер пайда болды. Барлығы "қашықтыққа" көшкен кезде көптеген елдер өзекті және сенімді ақпарат алу проблемасына тап болды. Көбінесе қазіргі жағдайда оның дұрыстығын тексеру өте қиын, өйткені деректер әр минут сайын өзгереді.

Әлемде жоғары аудит органдары аудитті қалай жүргізгенін қарастыратын болсақ, дүниежүзіндегі жоғары аудит органдары пандемия кезінде "қашықтықтан жұмыс"-қа көшті. 76 ЖАО-ның ашық ресурстарын талдау нәтижесінде, олардың басым көпшілігі наурыз – сәуір айларында қашықтан жұмыс режиміне толығымен немесе ішінара көшкенін, кеңседе тек қажет адамдар жұмысын жалғастырды. Сондай-ақ, Иорданияда толық, ал Италия, Дания және Гондурас сияқты мемлекеттерде жоғары аудит органдары ішінара өз қызметін тоқтатуға мәжбүр болды.

Елімізде Жоғары аудит органы Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитеті екені мәлім. Ұлт жоспары - Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың бес институционалдық реформаны жүзеге асыру жөніндегі «100 нақты қадамы»-ның 93 қадамы бойынша «Есеп комитеті бірінші сыныпты халықаралық аудиторлық ұйымдардың модельдері бойынша жұмыс істеуі тиіс» деп айтылған[1]. Есеп комитетінің аудиторлық және сараптамалық-талдау қызметі ендігі кезекте Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауға шоғырландырылды. COVID-19 пандемиясы жағдайында экономиканы қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы қаражаттың нысаналы жұмсалуды, сондай-ақ квазимемлекеттік сектор активтерінің басқарылу тиімділігіне тұрақты және жіті бақылауға алынып, мониторинг жасалып отырды[2].


Есеп Комитетінің ашық ақпарат ресурсында жарияланған мәліметіне сай, төтенше жағдай режимі мен қатаң карантиндік шектеулерге қарамастан, есеп комитеті 117 объектіде 18 аудиторлық іс-шара өткізді. 2018 жылмен салыстырсақ, Есеп комитетінде 2020 жылы аудитпен 47 триллионнан астам

теңге қамтылды, бұл 2019 жылға қарағанда 38%-ке артық және 2018 жылдың ұқсас көрсеткішінен 9 есе жоғары[2].




1-сурет. ҚР 2018-2020 жылдардағы аудиторлық қызметтің түйінді көрсеткіштері

Анықталған бұзушылықтардың едәуір сомасы бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімсіз жоспарлауға және пайдалануға – 1,8 трлн теңге тиесілі екенін анықтады. Мемлекеттік ресурстарды жоспарлау мен пайдаланудың тиімділігіне баса назар аудару осындай бұзушылықтарды анықтауды 6 есеге арттыруға мүмкіндік берді[2].




2-сурет. ҚР 2018-2020 жылдардағы бюджет қаражаты мен мемлекет активтерін тиімсіз жоспарлау және пайдалану көлемі, млрд. теңге

Қаржылық бұзушылықтың үлесі едәуір төмен. 2018-2020 жылдардағы көрсеткіштерді салыстырсақ, жыл сайын қаржылық бұзушылықтардың көлемі қысқаруда. 2020 жылдың қорытындысы бойынша - 81 млрд. теңгені құрады, демек 2018 жылға қарағанда қаржылық бұзушылық көлемі 2 есе қысқарған[2].



3-сурет. ҚР 2018-2020 жылдардағы Есеп комитеті жүргізген аудиторлық шаралар бойынша анықталған бұзушылық көлемі, млрд. теңге

Үкіметке, мемлекеттік органдарға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне 364 ұсыным мен тапсырма жолданған болатын. Соның ішінде, Үкіметке заңнаманы және тұтастай алғанда мемлекеттік басқаруды жетілдіруге бағытталған ұсынымдар саны 2 есе ұлғайды.




4-сурет. ҚР 2018-2020 жылдардағы Үкіметке заңнаманы және тұтастай алғанда мемлекеттік басқаруды жетілдіруге бағытталған ұсынымдар саны

Жүргізілген мониторинг бойынша олардың 88% - ы орындалды, қалғандары бойынша іске асыру мерзімі әлі келген жоқ. Жүргізілген аудит қорытындысы бойынша 97 лауазымды тұлға тәртіптік жауапкершілікке, 44 лауазымды (жеке) және 11 заңды тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылды, 31 материал қылмыстық - жазаланатын іс-әрекет белгілерімен құқық қорғау органдарына жолданды[2].

Аудиторлық және сараптамалық-талдау қызметінің негізгі бағыттары бойынша талдайтын болсақ, оның бірі -COVID19 пандемиясы жағдайында экономиканы қолдауға бағытталған дағдарысқа қарсы қаражаттың тиімді пайдалануын бақылау . Жалпы елімізде COVID19


пандемиясы жағдайында экономиканы қолдау қаражаты 2,2 трлн.тг. қамтыған болатын. Мониторинг нәтижесі бойынша 344 млрд.теңге шамасында бұзушылықтар анықталды, оның ішінде қаржылық бұзушылықтар -34 млрд.теңге болса, қаражатты тиімсіз жоспарлау және пайдалану -310 млрд. теңгені құрайды. Бұзушылықтар анықталғаннан кейін жылдың соңында 146 млрд.теңге қалпына келтірілді[2].



5-сурет. COVID19 пандемиясы жағдайында экономиканы қолдау қаражатын жұмсау, млрд.тг.

Жалпы, Есеп комитеті мен тексеру комиссияларының аудиторлық қызметінің негізгі көрсеткіштерінің оң өсу үрдісі көрініс тапты. Дағдарысқа қарсы қаражатты мониторингілеу қорытындыларын толықтай сараптайтын болсақ, оны Есеп Комитетінің ресми ақпарат жүйесінде орналастырылған мәліметтен көруімізге болады[2].

Аудиторлық және сараптамалық-талдау қызметінің келесі негізгі бағыты COVID19 пандемиясы жағдайында Жоғары аудит органының Квазимемлекеттік сектор активтерін басқару тиімділігін бағалау болып табылады. 2020 жылы «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «КЕСОС» АҚ, «Қазақтелеком» АҚ, «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ, «Самұрық - Энерго» АҚ, «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» ҰК» АҚ және олардың жекелеген еншілес компаниялары бюджеттен 21 трлн. теңге қаражатымен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде, мониторинг барысында 386 млрд. теңге бұзушылықтар анықталды, оның ішінде: қаржылық бұзушылықтар - 59 млрд. теңге, бухгалтерлік есепті бұзу - 41 млрд. теңге, тиімсіз жоспарлау - 3 млрд. теңге, тиімсіз пайдалану - 324 млрд. теңге. Жыл соңында 8 млрд. теңге қалпына келтірілді.



6-сурет. COVID19 пандемиясы жағдайында Жоғары аудит органының Квазимемлекеттік сектор активтерін басқару тиімділігін бағалау

Барлық ұйымдар індеттің тікелей немесе жанама түрде олардың қызметіне, олардың мақсаттарына және жоспарларына әсерін сезінгені анық. Әрине, бұл аудиторлық қызметке бір дәрежеде әсер етпеуі мүмкін емес.

Жоғары аудит органдары COVID19 пандемиясы сияқты құбылысқа және одан кейінгі шектеу шараларына әр түрлі деңгейде дайын болды. Арнайы стратегиялар мен технологиялық шешімдер әзірленген, сондай-ақ қашықтықтан жұмыс істеу тәжірибесі бар ЖАО жаңа жағдайларға тез бейімделе алды. Пандемия кезінде барлық ЖАО-лар қашықтықтан жұмыс режиміне көшуге мәжбүр болды. Қазіргі уақытта тұрақты жұмыс режиміне оралудың біртіндеп процесі байқалады. Көптеген ЖАО-лар пандемия кезінде қалыптасқан тәжірибені пайдалануды жалғастыруға ниетті (қызметкерлердің бір бөлігі үшін қашықтықтан жұмыс режимін сақтау, технологиялық шешімдерді белсенді пайдалану). ЖАО-ның көпшілігі өз жұмысының басымдықтарын қайта қарап, өз ресурстарын үкіметтердің COVID19 пандемиясына қарсы тұру үшін қабылдаған шараларын тексеруге бағыттады. Қазіргі уақытта алғашқы тексерулердің нәтижелерін көруімізге болады.

Әлемде жоғары аудит органдары аудитті қалай жүргізгенін қарастыра келе, еліміздің жоғарғы аудит органы - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі Есеп комитетінің пандемия кезіндегі жұмысын зерделедік. Қазіргі таңда экономиканы қолдауға және пандемиямен күресуге бөлінген ресурстар Есеп комитетінің жіті бақылауында. Жалпы, пандемия кезеңінде Есеп комитетінің аудиторлық қызметінің негізгі көрсеткіштерінің өсуінің оң тенденциясын атап өтуімізге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Елбасының 2015 жылғы 20 мамырдағы бағдарламасы- <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1500000100>
2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті- <https://www.gov.kz/memleket/entities/esep/press/news/details/156171?lang=kz>

ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ОРГАНЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ПАНДЕМИЯ КЕЗІНДЕГІ АТҚАРҒАН ІС-ӘРЕКЕТІ

Тыныштық С. Д., Аубакиров А. Е.

E-mail: tynyshtyk001@mail.ru; alan.aubakirov.2020@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті «Мемлекеттік аудит» мамандығының 3 курс студенттері, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекші – Бейсенова Л.З.

Андатпа

Мақалада, қазіргі кездегі Ішкі мемлекеттік аудит органының қызметі туралы және елімізге тиер пайдасы айтылған. Пандемияның бұл органның қызметіне ықпал ету әсері. Мақаланың практикалық тұрғыдан маңызы көрсетіліп, болашақтағы маңыздылығы сонымен қатар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Ішкі мемлекеттік аудит комитеті - орталық атқарушы органның құзыреті шегінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласында жүзеге асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталықтандырылған мемлекеттік органдар көрсетілген. Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің орталық атқарушы органның құзыреті шегінде ішкі мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау, мемлекеттік сатып алу, мемлекеттік мүлік, аудит, бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік саласындағы іске асыру және бақылау функцияларын жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы көрсетілген.

Аннотация

В статье рассказывается о деятельности органа внутреннего государственного аудита в настоящее время и о пользе, которую может принести наша страна. Влияние пандемии на деятельность этого органа. В статье отражена практическая значимость и будущая значимость статьи, а также указано, что Комитет внутреннего государственного аудита Министерства финансов Республики Казахстан - централизованные государственные органы, осуществляющие в пределах компетенции Центрального исполнительного органа реализационные и контрольные функции в области внутреннего государственного аудита и финансового контроля, государственных закупок, бухгалтерского учета и финансовой